bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2016

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА / ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# «Қыз Жібек» жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.11.2016 | https://bilimger.kz/4192/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **САБАҚ:** | Мектеп: Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия | | |
| **Күні: 05.10.2016** | Рыскелдиева Гүлмира Дәулетқазықызы | | |
| **Сынып 9 «А»** | Қатысқандар саны – 14 | Қатыспағандар саны – 0 | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Қыз Жібек» жырындағы ұлттық  мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі** | | |
| **Сабақ  мақсаттары** | 1. “Қыз Жібек” жырында бейнеленген салт-дәстүрлерді білу мен түсінуге.<br>Жырдағы салт-дәстүрдің қолданылуы және оның жырдағы кейіпкерлер бейнесін ашудағы қызметіне талдай білуге ықпал жасау.<br>2. Ұлттық құндылықтардың маңызы туралы түсініктерін және өзіндік пікір мен көзқарас айта білу, өмірмен байланыстыра білу дағдыларын дамыту.<br>3. Ұлттық құндылықтарды қадірлей білуге тәрбиелеу. | | |
| **Күтілетін нәтиже** | А деңгейіндегі оқушы «Қыз Жібек» жырындағы кейіпкер әрекеттеріне баға береді, өзіндік көзқарастарын айтады.<br>В деңгейіндегі оқушы «Қыз Жібек» жырындағы салт-дәстүрлерді бүгінгі өмірмен байланыстырады, салыстырады.<br>С деңгейіндегі оқушы «Қыз Жібек» жырындағы салт-дәстүрлерді біледі, түсінеді. | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, музыка, биология, география, бейнелеу өнері т.б. | | |
| **Алдыңғы оқу** | «Қыз Жібек» жырының толық мазмұнымен танысты, кейіпкерлеріне мінездеме жасады. | | |
| **Жоспар** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар,ескертпелерді жазыңыз** | | **ресурстар** |
| | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеті** | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr><td>Басталуы</td><td>1 мин<br><br>1 мин<br><br>1 мин</td><td>Амандасу, Оқушылардың көңіл күйін сұрау.<br>Бізде қазір әдебиет сабағы.<br>— Қандай тақырып өтір жатырмыз?<br>— Үйге қандай тапсырма берілді?<br><br>— Қандай қызықты мәліметтер таптық?<br>— Жыр мен фильмнің арасында айырмашылықтар бар ма?<br>— Жібек пен Төлегенді құтқарғыларың келе ме?<br>Қызығушылықты ояту.<br>«Жібек мен Төлегенді құтқару үшін мен…» жаттығуы. Өзіңізді материалдық әлемнің бір объектісіне айналу керек болатын жағдайда елестетіңіз. Жібек пен Төлегенді құтқару үшін бір жануарға, әлде өсімдікке айналу керек болса, қайсысын таңдар едіңіз?<br><br>-Қалай ойлайсыңдар, құтқара алдық па?<br>-Мына суреттер сендерге не айтады?<br><br>Топқа бөлу. Оқушылар жыр мазмұнындағы берілген үзінділер кімнің сөзі екенін табады. Сол топқа барып отырады.<br>Бір сұлу алмай, шешеке-ау,<br>Сірә да көңілім тынар ма? (Төлеген)<br>Өліп кетсем артымда,<br>Сансызбай атты інім бар… (Төлеген)<br>Қособаның түбінде,<br>Қоса кетті дегейсің,<br>Жылай-жылай бір жалғыз,<br>Дүниеден өтті дегейсің. (Төлеген)<br>Қыз түгіл өз елімде ер қорыққан,<br>Қайран басым, бұл жерде бекер болды.<br>(Төлеген)<br>Мынау қыз жауап бермей қапа қылды,<br>Жүргенсіп өз елінде сәулетімен. (Төлеген)<br>Атаңа нәлет Бекежан,<br>Көрсетпе маған түсіңді,<br>Бітіріпсің ісіңді. (Жібек)<br>Халқым малдай бағады,<br>Жұртым қойдай қағады. (Жібек)</td><td>Оқушылар амандасады, айтады.<br><br>— «Қыз Жібек» жыры<br>— Жырды фильммен салыстыру, салт-дәстүрлерді білу, үзінділер жаттау, қызықты мәліметтер тауып келу.<br>— Оқушылар айтады.<br>— Оқушылар айтады.<br><br>— Иә.<br><br>Мысалы: — Мен құсқа айналар едім, өйткені …<br>— Мен жолбарысқа айналар едім, өйткені …<br>— Мен самал жел болар едім, өйткені …<br>— Мен әсем гүлмін, өйткені …<br>— Мен жартаспын, өйткені …<br>— Мен қазір шаммын …<br>— Мен – жол болар ем… т.б.<br>Менің қылған кесірім,<br>Саған кесір болса да,<br>Өзіме майдай жағады. (Жібек)<br>Жалғыз атты жолаушы,<br>Жақындамай, арман тұр.<br>Үстімдегі кесірлер,<br>Саған таман барады. (Жібек)<br>Жалғыз атты жолаушы,<br>Кесірім ұрып кетпесін,<br>Қасыма келмей, аулақ қаш!<br>(Жібек)<br>Сексен жігіт ішінде,<br>Базарбайдың баласы<br>Төлеген мырза кім? – дейді.<br>(Қаршыға)<br>Ассалаумағалейкум, көп жігіттер,<br>Сайланған бәрің бірдей бек жігіттер, (Қаршыға)<br>Осынша осы Төлеген жасырынып,<br>Ол өзі кімнің ұрлап ақын жеген?<br>(Қаршыға)<br>Асу да, асу бел, –дейді,<br>Аса бір соққан жел, –дейді,<br>Төлеген болсаң сен, –дейді,<br>Соңымнан менің ер, –дейді.<br>(Қаршыға)<br>Қасымда тұр бір жігіт<br>Тап лайық өзіңе.<br>Нұр жігіттей жүзі бар,<br>Бал шекердей сөзі бар…<br>(Қаршыға)</td><td>Слайд №1<br><br>Слайд №2<br><br>Слайд №3<br><br>Слайд №4<br>Үлестірме қағаздар<br>Қазақ әдебиеті. Хрестоматия 9-сынып.<br>83-110-б.б.</td></tr>
<tr><td></td><td>1 мин</td><td>Мағынаны тану<br>Сурет көрсету<br><br>— Суреттен не көріп тұрмыз?<br>— Бүгінгі сабақ тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?<br>Сабақ тақырыбы, мақсаттарымен таныстыру.</td><td>— «Қыз Жібек» жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі</td><td>Слайд №5,6,7</td></tr>
<tr><td>Ортасы</td><td>1 мин</td><td>Жұптық жұмыс<br>«Әдеби талқылау айналымын» ұйымдастыру.<br>Оқушылар мұғалім берген тақырыптардың біреуін талқылайды.</td><td>«Мен жырдан салт-дәстүр туралы не таптым?»<br>Екі шеңбер жасап тұру, бір-бірін көретін ішкі және сыртқы шеңбер.<br>1 минут ішінде бір-біріне айтып шығу.</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>10 мин</td><td>Жырда көрініс тапқан салт-дәстүрлерге талдау жасау.</td><td>Оқушылар айтады.</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>3 мин</td><td>«Қыз Жібек» фильмінен үзінді көрсету. Сол бойынша тапсырма орындау.<br>Бағалау критерийлері:<br>1. Толық таба алуы<br>2. Толық түсіндіре алуы</td><td>Кесте толтырады.<br><table><tr><td>Салт атауы</td><td>Түсініктеме</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>3 мин</td><td>-Қандай салттарды көрдік?<br>Жырда кім қалай естіртеді? Жоқтау қалай көрініс тапқан?</td><td>— Естірту, жоқтау, қаралы ту т.б.<br>-Жырда Бекежан арада 8 жыл өткен соң өзі естіртеді. «Жол тосып Қосабада жатып<br>алдым Біреуді мергендікпен атып алдым»<br>Жырдағы жоқтаудың үлгісі:<br>«Жайықтың суы ылай –ай<br>Көр болды көзім жылай –ай<br>Төлеген сынды мырзадан<br>Айырдың өзің, құдай-ай»</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>5 мин</td><td>Топтық жұмыс<br>1-топ.<br>1. Төлегенің іс-әрекетімен келісетін не келіспейтініңізді бес дәлелмен көрсетіңіздер.<br>2. Бекежанның іс-әрекетімен келісетін не келіспейтініңізді бес дәлелмен көрсетіңіздер.<br>3. Осы кейіпкерлердің орнында болсаңыз, не істер едіңіз? Топта талқылап, кесімді шешім қабылдаңыздар.<br>3-топ.<br>1. Жыр идеясын және кейіпкерлер бейнесін ашуда салт-дәстүрлер қандай рөл атақарып тұр?<br>2. «Қыз Жібек» жырының сол кездегі және осы кездегі қазақ жастарына қаншалықты әсер еткенін болжап, сынып назарына ұсыныңыздар.</td><td>2-топ.<br>1. Шығармадағы оқиғалар тізбегінен ең маңызды 3 мәселені бөліп алыңыз.<br>2. Маңызды деп тапқан мәселелерді бүгінгі күнмен салыстырыңыз.<br>3. Жырдағы ешқашан маңызын жоймау керек деген мәселелерді дәлел келтіре отырып, топта талқылап сынып назарына ұсыныңыздар.</td><td rowspan="2">Слайд №8<br>Флипчарт, түрлі-түсті бояулар, маркер, т.б.</td></tr>
<tr><td>Аяқталуы</td><td>5 мин</td><td>Топтық жұмысты қорғау</td><td>Бірін-бірі тыңдайды. «Екі жұлдызша бір тілек» қалыптастырушы бағалаумен бағалайды.</td></tr>
<tr><td></td><td>5 мин</td><td>Ой толғаныс<br>Жеке жұмыс<br>Көркем шығармадан алынған білімдерін қолдана отырып, өзгеше стильмен күнделік, монолог, хат жазады.<br>Хатты бағалау критерийлері:<br>1.Алған әсерін жазу керек;<br>2.Көркемдегіш құралдар болу керек;<br>3.Тілді, стильді дұрыс қолдану керек.<br>Монологті бағалау критерийлері:<br>1.Ішкі әсер басым болу керек;<br>2.Көркемдегіш құралдар болу керек;<br>3.Тілді, стильді дұрыс қолдану керек</td><td>Оқушылар өз бетімен жұмыс жасайды. Бағалау критерийлері таратылады.<br><br>Күнделікті бағалау критерийлері:<br>1.Дәл осы кезеңдегі оқиғаны жазу керек;<br>2.Көркемдегіш құралдар болу керек;<br>3.Тілді, стильді дұрыс қолдану керек.</td><td>Слайд №4<br>Үлестірме</td></tr>
<tr><td></td><td>5 мин</td><td>Жеке жұмысты қорғау</td><td>Оқушылар бірін-бірі тыңдайды.</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Сабақты қорыту<br>— Иә, балалар, бүгінгі сабақта біз жырдың тұнып тұрған ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге толы екенін байқадық. Ол туралы М. Әуезов:</td><td>Оқушылар дәптерлеріне М. Әуезовтің сөзін жазып алады.</td><td>Слайд №10</td></tr>
<tr><td></td><td>2 мин</td><td>Бағалау</td><td>Оқушы жауаптарына қарай бағалау</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>1 мин</td><td>Үйге тапсырма</td><td>Жырдың көркемдік ерешелігіне талдау, үзінділер жаттау.</td><td>Слайд №10</td></tr>
<tr><td></td><td>1 мин</td><td>Рефлексия<br>Не білдім? Не білгім келеді?<br>Өздерінің білім қоржынына салған мәселелерді сандыққа, білгісі келетін мәселелерді күбіге салады.</td><td>Оқушылар стикерге жазып іледі.</td><td>Слайд №11</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Қорытынды бағалау**

**Қай екі әрекет жақсы өтті (оқыту мен оқуды ескеру қажет)?**

**1:**

**2:**

**Қай екі әрекет сабақты нығайтуы мүмкін (оқыту мен оқуды ескеру қажет)?**

**1:**

**2:**

**Менің келесі сабағымда ескерілетін, бұл сабақтан сынып немесе жеке тұлғалар туралы не білдім?**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.